

Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Әбдіғаниұлы Кәрімовтің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 16-17 қарашадағы ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қарашадағы N 1452 қаулысы

Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Әбдіғаниұлы Кәрімовтің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 16-17 қарашадағы ресми сапарын (бұдан әрі - ресми сапар) дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ресми сапарды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мемлекеттік органдармен (келісім бойынша) бірлесіп, Жоспарда көзделген протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп, Өзбекстан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен ресми сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Өзбекстан Республикасының ресми делегация мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге еріп жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағы үстінен арнайы рейсті орындайтын ұшақтың ұшып өтуін;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оған тұрақ беруді және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ресми сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
министрлігіне жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 15 қарашадағы
N 1452 қаулысымен

бекітілген

Өзбекстан Республикасының Президенті И.Ә. Кәрімовтің
Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 16-17 қарашадағы
ресми сапарына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралардың
жоспары

N !	Іс-шаралар	! Орындау !	Жауапты
!	!	! мерзімі !	орындаушылар

1 !	2	!	3 !	4
-----	---	---	-----	---

1	Ресми сапарды протоколдық қамтамасыз ету мәселелерін келісу (күтіп алу, шығарып салу, саздық бағдарлама және басқа да іс-шаралар)	2001 жылғы Қазақстан Республикасы 16 қарашаға Президентінің Протокол дейін қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқар.
---	---	---

масы (келісім бойынша),
Қазақстан Республикасының
Республикалық ұланы
(келісім бойынша),
Қазақстан Республикасы
Президентінің Күзет
қызметі (келісім бойынша),
Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

2 Тұру, тамақтандыру және 2001 жылғы Қазақстан Республикасы
көлікпен қамтамасыз ету 16 қарашаға Президентінің
мәселелерін келісу дейін Іс Басқармасы
(келісім бойынша),
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

3 Бұқаралық ақпарат құралдарының 2001 жылғы Қазақстан Республикасы
өкілдерімен жұмысты 16-17 Президентінің Баспасөз
ұйымдастыру қараша қызметі (келісім бойынша),
Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігі

4 Астана қаласының әуежайын және 2001 жылғы Астана қаласының әкімі
көшелерін, ресми делегация 16 қарашаға
жүретін бағыттары мен болатын дейін
орындарын жалаулармен,
транспаранттармен безендіру

5 Делегация мүшелеріне және сапар Қазақстан Республикасы
бірге жүретін адамдарға кезеңінде Президентінің Іс
медициналық қызмет көрсету Басқармасы (келісім
бойынша)

6 Кездесу өткізілетін залды 2001 жылғы Қазақстан Республикасы
техникалық безендіру 16 қарашаға Президентінің Іс
(мемлекеттік жалаулар, үстел дейін Басқармасы (келісім
табличкалары мен бойынша), Қазақстан
жалаушалар, гүлдер, Республикасы Президентінің
микрофондар) Протокол қызметі
(келісім бойынша)

7 Ресми делегация мүшелері, 2001 жылғы Қазақстан Республикасы
бірге жүретін адамдар, 16 қарашаға Президентінің Іс
баспасөз бен күзет үшін дейін Басқармасы (келісім
бейджер, арнайы рұқсаттамалар бойынша),
дайындау Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

8 Өзбекстан Республикасының 2001 жылғы Қазақстан Республикасы
Президентіне және ресми 16 қарашаға Президентінің Іс
делегация мүшелеріне дейін Басқармасы (келісім
сыйлықтар жинақтарын, сондай-ақ бойынша)
бағдарламалар мен басқа да баспа
өнімдерін дайындау

9 Қол қоюға ұсынылатын құжаттарды 2001 жылғы Қазақстан Республикасының
дайындау және қол қою 16 қарашаға Сыртқы істер министрлігі
протоколын қамтамасыз ету дейін

10 Байланыс құралдарымен сапар Қазақстан Республикасы
қамтамасыз ету кезеңінде Президентінің Іс
Басқармасы (келісім
бойынша)

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.